

Банктік емес сектордың 2011 жылғы 1 шілдедегі ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 16 ұйым, оның ішінде 6 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2011	01.07.2011
1	Ипотекалық ұйымдар	6	6
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	9	10
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	2	2
	Жиынтығы	15	16


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 113,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 8,9 млрд. теңгеге немесе 7,2%-ға аз.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 60,6%-ды (69 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 18,3% (20,9 млрд. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 3,7% (4,2 млрд. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға – 15,3% (17,5 млрд. теңге) келіп отыр.


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2011		01.07.2011		Өсім, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	млрд. теңге	жиынтығын да %-бен	
Қолма-қол ақша	0,9	0,8	0,9	0,8	-
Корреспонденттік шоттар	13,9	11,3	4,2	3,7	-69,8
Бағалы қағаздар	23,0	18,7	20,9	18,3	-9,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	6,3	5,1	17,5	15,3	2,8 есе
Клиенттерге берілген заемдар	76,8	62,6	69,0	60,6	-10,2
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,2	3,4	4,3	3,8	2,4
Клиенттерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-7,8	-6,4	-8,1	-7,1	3,8
Басқа активтер	5,5	4,5	5,2	4,6	-5,5
Активтердің барлығы	122,8	100	113,9	100	-7,2

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



- Клиенттерге қойылатын талаптар
- ▨ Бағалы қағаздар
- ▨ Басқа банктерге орналастырылған салымдар
- Корреспонденттік шоттар
- ▨ Негізгі қаражат және материалдық емес активтер
- Өзге активтер

01.07.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 69 млрд. теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 7,8 млрд. теңгеге немесе 10,2%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдайтын болсақ, стандартты кредиттердің үлесі азайғаны байқалады. Мәселен, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 82,7%, ал 2011 жылғы 1 шілдеде – 80,6% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 8,8%-дан 10,3%-ға дейін ұлғайды. Үмітсіз заемдардың үлесі есепті күнге 9,1%-ды құрағанын атап айтқан жөн.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2011		01.07.2011	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	76,8	100	69,0	100
Стандартты	63,5	82,7	55,6	80,6
Күмәнді	6,8	8,8	7,1	10,3
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,8	1,0	1,1	1,6
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	2,3	3,0	0,9	1,3
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,3	0,4	1,2	1,7
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3,0	3,9	2,1	3,1
<i>5-санатты күмәнді</i>	0,4	0,5	1,8	2,6
Үмітсіз	6,5	8,5	6,3	9,1

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңге




2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске мыналар ие болды: «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ – 87% және «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ – 11,2%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2011 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 8,2 млрд. теңгеге немесе 9%-ға азайып және 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 83,3 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (69,9%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2011		01.07.2011		Өсім %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	млрд. теңге	жиынтығында %-бен	
Алынған заемдар	24,7	27,0	23,6	28,3	-4,5
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	60,9	66,6	58,2	69,9	-4,4
Басқа кредиторлар	4,7	5,1	0,2	0,2	-95,7
Басқа міндеттемелер	1,2	1,3	1,3	1,6	8,3
Міндеттемелердің барлығы	91,5	100	83,3	100	-9,0

01.01.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.07.2011 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы




Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 1,1 млрд. теңге мөлшерінде шығынға ұшырады. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 7,4 млрд. теңге (2010 жылғы 1 шілдеде – 7,7 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 8,5 млрд. теңге (2010 жылғы 1 шілдеде – 7,0 млрд. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.07.2010	01.07.2011	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	5,3	4,9	-7,5
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	4,0	4,7	17,5
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	2,4	2,5	4,2
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	3,0	3,8	26,7

Пайыздық кірістер құрылымында банктің клиенттерге қоятын талаптары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (47,3% немесе 3,5 млрд. теңге) біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (44,7% немесе 3,8 млрд. теңге) ең көп орын алады.

Бөлінбеген таза кіріс (шығын), млрд. теңгемен



Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 30,6 млрд. теңге болды, бұл 2011 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 0,7 млн. теңгеге аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2011	01.07.2011
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңгемен	39,7	39,8
Есептелген меншікті капитал, млн. теңгемен	31,3	30,6
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,259	0,267
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 - 2 \geq 0,06$)	0,316	0,293
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 - 3 \geq 0,12$)	0,307	0,292

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Активтер. 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті қоса атқаратын инвестициялық портфельді басқарушы ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 2011 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 4,8%-ға ұлғайып, 421 млрд. Теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдардың активтер құрылымында заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 32,7% (137,5 млрд. теңгені), дебиторлық берешек – 15,6% (65,7 млрд. теңгені), ақшалай қаражат пен ақшалай қаражат баламасы – 7,5% (31,7 млрд. теңгені) құрап отыр.

Жиынтық активтердің құрылымы, млрд. теңгемен	01.01.2011	жиынты ғында %-бен	01.07.2011	жиынты ғында а %- бен	Өсімі %- бен
Активтер, оның ішінде:	401,6	100	421,0	100	4,8
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламасы	48,0	12,0	31,7	7,5	-34,0
Орналастырылған салымдар	16,5	4,1	13,8	3,3	-16,4
Бағалы қағаздар	9,3	2,3	13,3	3,2	43,0
Берілген заемдар	103,2	25,7	137,5	32,7	33,2
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	14,5	3,6	16,2	3,8	11,7
Дебиторлық берешек	52,7	13,1	65,7	15,6	24,7
Өзге активтер	157,4	39,2	142,8	33,9	-9,3

Міндеттемелер. Ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері есепті күнге 4,6%-ға көбейіп, 225,5 млрд. теңгені құрады. Ұйымдардың міндеттемелері құрылымында ең көп үлеске алынған заемдар ие – 58,5% (132 млрд. теңге).

Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млрд. теңгемен	01.01.2011	жиынты ғында %-бен	01.07.2011	жиынты ғында %-бен	Өсімі %- бен
Міндеттемелер, оның ішінде	215,6	100	225,5	100	4,6
Тартылған салымдар	11,8	5,5	14,4	6,4	22,0
Алынған займдар	120,9	56,1	132,0	58,5	9,2
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	56,7	26,3	55,4	24,6	-2,3
Кредиторлық берешек	11,6	5,4	8,7	3,9	-25,0
Өзге міндеттемелер	14,6	6,7	15,0	6,6	2,7

Кредиттік портфель. Жиынтық несие портфельдің құрылымында 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 62,3%-ды, күмәнді – 25,5% және үмітсіз – 12,2% құрады, ал 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 58,1%, күмәнді – 30,4%, үмітсіз – 11,5% құрады.

Капитал. 2011 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар капиталының жиынтық мөлшері 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректермен салыстырғанда 9,5 млрд. теңгеге көбейіп, 195,4 млрд. теңгені құрады.

(млрд. теңге)

	01.01.2011	жиынты ғында %-бен	01.07.2011	жиынты ғында а %- бен	Өсімі %- бен
Капитал	185,9	-	195,4	-	5,1
Жарғылық капитал	170,4	91,7	180,5	92,4	5,9
Бөлінбеген пайда (орны толтырылмаған шығын)	4,1	2,2	-0,5	-	-